

Травматология және ортопедия кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

СӨЖ

УАҚЫТША ҚАН ТОҚТАТУ, ЖГУТ САЛУ, ТАҢҒЫШ САЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАСЫ



Орындаған:Қуаталы А.Қ


Факультет:Жалпы медицина

Топ:ЖМ11-010-2к

Тексерген:доцент Бердаuletов Б.А.

Жәрдем көрсету шараларына және медицина қызметкерлерінің мамандығына байланысты, қан ағуды тоқтату уақытша және біржолата тоқтату болып бөлінеді. Әдетте қан ағуды уақытша тоқтатуды науқасты ауруханаға жіберердің алдында, жарақат алған жерде орта медицина қызметкері іске асырады. Қан ағуды біржолата тоқтатуды аурухана жағдайында және операция жасау жолымен істеледі.

СПОСОБЫ ВРЕМЕННОЙ ОСТАНОВКИ КРОВОТЕЧЕНИЯ



Уақытша қан тоқтату алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүзеге асырылады және төмендегі тәсілдер бойынша жүргізіледі:

- 1) дененің зақымданған белігін кеудеге қатысты алғанда — көтеріңкі калыпта ұстау (аяқ-қол жараланғанда венадан қан кеткен кезде жараға қысып тұратын таңғыш салғаннан кейін жастық оралған киім кою);**
- 2) кішігірім қан кету кезінде қысып тұратын таңғыш көмегімен зақымданған жерде қан ағып жатқан тамырды басу (жараны йодтың спиртті ерітіндісімен тазартқаннан кейін қалың мақта салынады да, бинтпен оралады);**
- 3) аяқ-қолды мейлінше шұғыл бүгу немесе жазу қалпында тұрақтандыру (иық алды немесе балтыр, табан жараланғанда, шынтақ немесе тізе буынын бүгу немесе жазу аяқ-қол жарасына қатты қан кеткенде жгут салу мүмкін болмағанда, қолды арқаға мейлінше созып, ал аяқты ішке бүгіп, тұрақтандыру).**

Таңғыш салу


- Қысып таңғыш салу және аяқ қолдардың көтеріңкі жағдайлары көк тамырлардан және кішкене қызыл тамырлардын қан ағуды уақытша тоқтатудың жақсы әдісі болып есептеледі. Жараға зарарсыздандырылған мәрліні бірнеше қабаттап, оның үстіне зарарсыздандырылған мақта салынады, ол мәрлімен бірге аяқ-қолдарды орап бинттеу арқылы бекітіледі.




Жгут салу. Жгут салу техникасы

- 1. Зақымдалған қолдың жарасынан жоғары жгут салып, максимальды күшпен созу керек.**
- 2. Жгуттың бірінші туры бекітіп, кәрі жілік артериясында пульс болмауына көз жеткізу.**
- 3. Жгуттың келесі турларын аз күшпен тартып салу.**
- 4. Жгут айналасына бекіткіш ілмекті салу.**
- 5. Ілмекті тартып жгуттың бос шетіне енгізу.**
- 6. Ілмек резинасы астына жгутты салу уақыты жазылған қағазды қыстыру**


1



2





3



4






Тіндердің өлімін
болдырмас үшін
әрбір 15 минут сайын
жгутты босаңсытып
тұру қажет

□ Бұл әдіс әсіресе қызыл қан тамырының қан ағуын тоқтатуда негізгі әдіс болып есептеледі. Қызыл қан тамырынан қан аққанда жгут жарадан жақынрақ салыналы. Шиραқты салудың алдында оның орамдарының арасында тері қысылып қалмауы үшін қол-аяқтар орамал немесе бинтпен оралады. Ширақ тартылады және аяқ-қолдар айландырылып оралады. Бұндай ширақ орамдарының бірінің үстінен бірін бастырмай қатар жатуын бақылау қажет. Ширақтың ұштары бекітіледі. Ширақ орамдарының біреуінің астында ширақ салынған уақыты көрсетілген қағаз қыстырылады. Бұнан басқа арнаулы емдеу мекемесіне жіберілетін хатта ширақтың уақыты көрсетіледі. «Қызыл қан тамырлық» ширақ дұрыс салынса аяқ-қол ширақтан төменіректе бозарады. Ширақ салынған жерден төменде тамыр соғысы білінбейді, қан ағуы тоқтайды. Ширақ қатты тартылмаса, аяқ-қол көгере бастайды, тамыр соғуы жоғалмайды, қан ағуы күшейеді. Қатты қысылып тартылса, жүйке талшықтарының жарақаттануының салдарынан аяқ-қолдардың салдануы мүмкін. «Қызыл қан тамырлық» ширақ аяқ-қолдарда 1,5-2 сағаттан көпке қойылмайды. Егер ұзақ уақытқа қойылса, аяқ-қолдардың жансыздануы мүмкін. Егер осы уақыт арасында операция жасалынбаса, және ширақ қайтадан керегінше жоғары немесе төменірек қойылады.


□ **Аяқ-қолдардың буынынан бүгілуі. Тақым артериясының, шынтақтың бүгілуінде иық артериясының, шат иілісіндегі сан артериясының жарақаттануда пайда болатын қан ағу, кейде аяқ-қолдарды осы жағдайда қатты иіп бекіту немесе оларды керу арқылы тоқтатылуы мүмкін.**




При повреждении подключичных артерий.



При кровотечениях из артерий предплечья и ладони.



При повреждении бедренной артерии.



При артериальном кровотечении из ран голени и стопы.

- **Жара ішіндегі тамырды қысу.** Бұнда залалсыздандырылған резеңке қолғап киіледі немесе қол спирт, йодпен тазаланады және жараға кіргізілген сұқ саусақпен қанның ағымы сезіліп, тамыр қысылады.
- **Жараның қуысын тығындау (тампопада).** Бұл үшін тампон алынады және корнцангпен бүкіл жара қуысын тығыз етіп тығындайды. Әдетте бұл тереңдегі жараларда қолданылады






Артериальное
кровотечение



Венозное кровотечение

Тамырды бойлап кысу.



а – нормальная анатомия расположения артериальных сосудов от сердца; б – пальцевое прижатие сонной артерии справа; в – пальцевое прижатие сонной артерии слева; г – пальцевое прижатие подключичной артерии; д – пальцевое прижатие подчелюстной артерии; е – пальцевое прижатие височной артерии; ж, з – пальцевое прижатие плечевой артерии; и – пальцевое прижатие подмышечной артерии



Қолданылған әдебиеттер

- Петров С. В. Общая хирургия: Учебник для вузов. — 2-е изд. — 2004. — 768 с.
- Рожинский М. М, Катовский Г. Б. [Оказание доврачебной помощи](#), Медицина, Москва, 1981.